Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

**БЕКІТЕМІН**
**Ғылыми кеңес төрағасы,**
**ҚарМТУ ректоры**
**__________ Ғазалиев А.М.**
**«___»___________ 2015 ж.**

# СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

МВТ 3301 Мемлекеттік басқару теориясы пәні
(коды және атауы)

МВТ 30 Мемлекеттік басқару теориясы модулі
(модуль коды және атауы)

5В051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы
(шифр және атауы)

Инженерлік экономика және менеджмент факультеті

Кәсіпорын менеджменті кафедрасы

2015

## Алғы сөз

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасын (syllabus) әзірлеген: КМ кафедрасының оқытушысы, э.ғ.м. Кадрина А.М.

Кәсіпорын менеджменті кафедрасының отырысында талқыланған

«____»______________2015 ж. № _______ хаттама.

Кафедра меңгерушісі ________ Хишауева Ж.Т. «___»_______2015 ж.

(қолы)

Инженерлік экономика және менеджмент факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған

«_____»_____________2015 ж. № ________ хаттама

Төрайым ___________ Нурмагамбетова Н.А. «___»_________2015 ж.

(қолы)

Кәсіпорын менеджменті кафедрасымен келісілген

Кафедра меңгерушісі ________ Хишауева Ж.Т. «___»_______2015 ж.

(қолы)

**Оқытушы туралы мәлімет және қатынас ақпараты**

Кадрина Айгерим Матжановна

КМ кафедрасының оқытушысы, э.ғ.м.

«Кәсіпорын менеджменті» кафедрасы ҚарМТУ-дың 4 корпусында орналасқан (Бейбітшілік бульвары, 56), 224 аудитория, байланыс телефоны 56-75-94 қосымша 2036.

**Пәннің еңбек көлемділігі**

| Семестр | Кредиттер саны | ECTS | Сабақ түрі | | | | | СӨЖ сағатта рының саны | Жалпы сағат саны | Бақылау түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қатынас сабақтарының саны | | | СОӨЖ сағатта рының саны | Бар лық сағат саны | | | |
| | | | дәріс | практикалық сабақтар | зертханалық сабақтар | | | | | |
| 5 | 3 | 5 | 30 | 15 | - | 45 | 90 | 45 | 135 | Емти хан |

**Пән сипаттамасы**

«Мемлекеттік басқару теориясы» курсы профильді пәндердің міндетті компоненті болып табылады. Пәнді игеру іргелі және жан-жақтылы білім алудың міндетті элементі болып табылады. Сондықтан мемлекеттік және жергілікті басқару саласында мамандарды дайындаудағы оқу пәндерінің құрылымында бұл пән бастапқы орынға ие болады.

**Пәннің мақсаты**

«Мемлекеттік басқару теориясы» курсының мақсаты мемлекеттік басқарудың теориялық негіздерін оқыту болып табылады.

**Пән міндеттері**

- студенттерге заманауи мемлекеттік басқарудың негіздері, мәні мен мазмұны, оның субъектілері мен объектілері, функциялары, әдістері туралы тұтас түсінік қалыптастыру;
- мемлекеттік билік органдарының ұйымдастырылу және қызмет ету ерекшеліктерін оқыту;
- студенттерде мемлекеттік саясатты жасақтау және жүзеге асыру, мемлекеттік шешімдерді әзірлеу, қабылдау және іске асыру туралы білім қалыптастыру;
- мемлкеттік билік органдарындағы басқару үдерісінің ерекшеліктерін, осы саладағы қолданыстағы заңнаманы және оның тәжірибе жүзінде қолдануын дербес зерттеуге мүмкіндік беретін дағдыларға ие болу;
- мемлекеттік басқару органдарының алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін олардың қолданатын негізгі әдістері мен технологияларын меңгеру.

Осы пәнді оқыту нәтижесінде студенттер:

түсінік алуы керек:

- экономика мен әлеуметтік саланың дамуын басқаруды ұйымдастыру ісі, мәні, әдістемесі, оның қағидалары, әдістері мен механизмдері жөнінде;

білуі керек:

- ғылым саласы ретінде мемлекеттік басқарудың мәнін түсініп, мемлекеттік басқару саласындағы ғылыми мектептер туралы;

- кәсіби қызмет түрі ретінде мемлекеттік басқарудың мәнін түсініп, мемлекеттік басқару мен бизнесті басқару арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты;

- мемлекеттік басқару жүйесі туралы кешенді түсінігі болып, оны құраушылардың: үрдістің, мақсаттардың, функциялардың, қағидалардың, әдістердің, органдардың, мемлекеттік басқару кадрларының мәнін;

- басқарудың әр түрлі деңгейлерінде мемлекеттің экономикалық саясатын жүзеге асырудың негізгі құралдарын пайдаланудың қағидаларын, механизмдерін, ерекшеліктерін;

- мемлекеттік биліктің қызмет ету механизмін меңгеріп, барлық деңгейдегі басқару органдары жүйесінің құрылымын;

- басқарушылық шешімдердің қабылдануына және орындалуына ықпалын тигізетін негізгі саяси және әлеуметтік-экономикалық институттарды;

практикалық машықтануы керек:

- мемлекеттік басқарудың негізгі құралдарымен жұмыс істеу дағдысына ие болуы тиіс;

- мамандықтағы кәсіби қызмет мәселелері бойынша құзыретті болуы тиіс.

**Пререквизиттер**

«Экономикалық теория» курсы негіз болып табылады.

**Постреквизиттер**

«Экономиканы мемлекеттік реттеу», «Қазақстан экономикасын басқару» пәнін игеру кезінде қолданылады.

**Пәннің тақырыптық жоспары**

| Тарау атауы, (тақыптар) | Сабақ түрлері бойынша еңбек көлемділігі, сағ. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәріс | практикалық | зертханалық | СОӨЖ | СӨЖ |
| 1. Мемлекеттік басқарудың теориялық астары. | 2 | 1 | - | 3 | 3 |
| 2. Мемлекет қоғамдық үдерістерді басқару субъектісі ретінде. | 2 | 1 | - | 3 | 3 |
| 3. Мемлекеттік басқарудағы жүйелі тәсіл. | 2 | 1 | - | 3 | 3 |
| 4. Мемлекеттік басқарудың мақсаттары | 2 | 1 | - | 3 | 3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| мен функциялары. | | | | | |
| 5. Мемлекеттік басқарудың қағидалары мен әдістері. | 4 | 2 | - | 6 | 6 |
| 6. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық-функционалдық құрылымы. | 2 | 1 | - | 3 | 3 |
| 7. Мемлекеттік басқарудың құқықтық қамсыздандырылуы. | 2 | 1 | - | 3 | 3 |
| 8. Мемлекеттің басқарудың ақпараттық қамсыздандырылуы. | 2 | 1 | - | 3 | 3 |
| 9. Мемлекеттік басқарудағы адам әлеуеті. | 2 | 1 | - | 3 | 3 |
| 10. Мемлекеттік басқару стилін жетілдіру. | 2 | 1 | - | 3 | 3 |
| 11. Мемлекеттік басқару жүйесінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру. | 4 | 2 | - | 6 | 6 |
| 12. Мемлекеттік басқару қызметінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі. | 4 | 2 | - | 6 | 6 |
| БАРЛЫҒЫ: | 30 | 15 | - | 45 | 45 |

**Практикалық (семинарлық) сабақтар тізімі**

1. Басқару ғылымының қалыптасу және даму кезеңдері. Мемлекеттік басқару саласындағы ғылыми мектептер.
2. Мемлекеттердің типологиясы және олардың сипаттамасы.
3. Мемлекеттік басқару жүйесі.
4. Мемлекеттің функциялары және мемлекеттік басқарудың түрлері.
5. Мемлекеттік басқарудың қағидалары мен әдістерін жүйелеу негіздері және оларды қолдану.
6. Мемлекеттік орган: құрылу тәртібі және құзыреті.
7. Мемлекеттік басқарудағы заңдылықтың, ұтымдылықтың, құқықтық тәртіп пен тәртіптің арақатынасы.
8. Мемлекеттік басқару жүйесінде ақпаратты ұйымдастыру.
9. Мемлекеттік басқарудың персоналы: құрылымы, мазмұны.
10. Мемлекеттік басқару стилінің элементтері мен қасиеттері.
11. Мемлекеттік басқарушылық шешімдерді қабылдау үрдісі.
12. Мемлекеттік басқару тиімділігін өлшеу.

**СӨЖ-ге арналған бақылау тапсырмаларының тақырыптары**

1. Қоғамдық дамудың үш заңын басқаруда қолдану механизмін қарастыру.
2. Басқару нысаны, мемлекеттік құрылымы және саяси режимі бойынша мемлекеттердің жіктемесін құру.
3. Таңдау бойынша мемлекетті, аймақты, саланы басқарудың ұйымдық құрылымын құру.
4. Практикалық мысалдар келтіре отырып, мемлекеттік басқарушылық шешімдердің тиімділігін бағалау.

**СОӨЖ-ге арналған бақылау тапсырмаларының тақырыптары**

1. Мемлекеттік басқарудың мәні және объективті-субъективті негіздері.

2. Саяси режим түсінігі және мемлекеттік басқарудағы демократия нысандары.

3. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының мәні және оны жетілдіру бағыттары.

4. Мемлекеттік басқарудың қағидаларын қолдану нысандары және тиімділігі.

5. Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу.

6. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі ақпаратты дұрыс пайдалану және ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті ұйымдастыру.

8. Басқару қызметінің стилін жетілдіру және мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік.

9. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік шешімдердің әлеуметтік тиімділігі.

10. Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды жетілдірудің өзекті мәселелері.

**Студентттер білімін бағалау критерийлері**

Пән бойынша емтихан бағасы межелік бақылаулар бойынша максимум көрсеткіштер (60%-ға дейін) мен қорытынды аттестаттаудың (емтихан) (40%-ға дейін) сомасы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100%-ға дейінгі мәнді құрайды.

**Пән бойынша берілген тапсырмаларды орындау мен тапсыру кестесі**

| Бақылау түрі | Тапсырма мақсаты мен мазмұны | Ұсынылатын әдебиет | Орындау ұзақтығы | Бақылау түрі | Тапсыру мерзімі | Балл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Практикалық сабақтарды орындау (Есептер шығару) | Теориялық білімдер мен практикалық машықтануды бекіту | Дәріс конспектілері, негізгі және қосымша әдебиеттер | 15 апта | Ағымдағы | 1-15 апта | 15 |
| СӨЖ тапсырмаларын орындау | Теориялық білімдер мен практикалық машықтануды бекіту | Дәріс конспектілері, негізгі және қосымша әдебиеттер | 15 апта | Ағымдағы | 1-15 апта | 15 |
| СОӨЖ тапсырмаларын | Теориялық білімдер мен практикалық | Дәріс конспектілері, негізгі және | 15 апта | Ағымдағы | 1-15 апта | 15 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| орындау | машықтануды бекіту | қосымша әдебиеттер | | | | |
| Межелік бақылау (тест– 2 блок) | Теориялық білімді кеңейту | Дәріс конспектілері, негізгі және қосымша әдебиеттер | 2 қатынас сағаттары | Межелік | 7 және 14 апта | 15 |
| Емтихан | Пән материалының игерілуін тексеру | Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі | 2 қатынас сағаттары | Қоры тынды | Сессия кезінде | 40 |
| Барлығы | | | | | | 100 |

**Саясат және процедуралар**

«Мемлекеттік басқару теориясы» пәнін оқу кезінде келесі ережелерді ұстануды сұраймын:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақтан дәлелді себепсіз қалмау, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсіндірме хат ұсынуды.
3. Сабақтың барлық түрлеріне қатысу студент міндеттерінің қатарына жатады.
4. Оқу процесінің күнтізбелік кестесіне сәйкес барлық бақылау түрін тапсыру.
5. Қатыспаған практикалық және зертханалық сабақтарды оқытушы көрсеткен уақытта өтеу.

**Негізгі әдебиет тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: Юрист, 2003.
2. Зеркин Д.П. Основы теории государственного управления. М.: МарТ, 2007. – 544 с.
3. Эффективное государственное управление: моногр. Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. – 215 с.
4. Государственное и муниципальное (Административное управление): учебник. М.: Проспект, 2006. – 556 с.
5. Мекамбаев Т.Т Правовые основы государственного и муниципального управления в зарубежных странах. Алматы, 2009.

**Қосымша әдебиет тізімі**

1. Кенжегузин М.Б., Абдулаев С.А. Децентрализация государственного управления. Алматы, 2003. – 143 с.
2. Реформирование системы государственного управления: зарубежный опыт и Казахстан. Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005. – 274 с.
3. Аглешов К.Е. Децентрализация государственного управления и перспективы развития местного самоуправления в Республике Казахстан.

Алматы, 2004.
4. Реформы государственного управления: международный опыт. Мэннинг Н. Парисон Н. М.: Весь Мир, 2003. – 494 с.
5. Местное самоуправление и муниципиальное управления. М., 2009.
6. Система государственного и муниципального управления: учеб. Под ред. Г.В. Атаманчука. М.: РАГС, 2005. – 87 с.
7. Рой О.М. Система государтсвенного и муниципального управления: учеб. пособие. СПб: Питер, 2009. – 367 с.
8. Турисбек А.З. Правовые основы государственной службы в Республике Казахстан. Алматы, 2009.
9. Пикулькин А.В. Основы государственного управления. М.: Юнити, 2001.
10. Чиркин В.Е. Государтсвенное управление. М.: Юристь, 2003.

# СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

MBT 3302 Мемлекеттік басқару теориясы пәні
(коды және атауы)

КВ 5 Кәсіптік-бағытталған модуль
(модуль коды және атауы)

31.03.2004 ж. № 50 мемл. бас. лиц..

Баспаға ______ 20__ж. қол қойылды. Пішіні 90х60/16. Таралымы _____ дана

Көлемі ___ оқу бас. п. № __________ тапсырыс Бағасы келісілген

100027. ҚарМТУ баспасы, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары, 56